**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ЖОБА**

# «ӘБІШТАНУ» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ»

**тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

**Ақтау 2025 ж.**

**Әзірлеуші:**

**«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы:**

**Кабылов Адилет Дыбысович** – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

**Жайловов Бақтыбай Сэрсенбекович** – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1-бөлім | Жалпы ережелер | 4 |
| 2-бөлім | Глоссарий | 4 |
| 3-бөлім | Бағдарлама тақырыбы | 6 |
| 4-бөлім | Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері | 7 |
| 5-бөлім | Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны | 8 |
| 6-бөлім | Оқу процесін ұйымдастыру | 12 |
| 7-бөлім | Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету | 12 |
| 8-бөлім | Оқыту нәтижелерін бағалау | 36 |
| 9-бөлім | Курстан кейінгі қолдау | 38 |
| 10-бөлім | Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі | 40 |

## «Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі. Бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі қазіргі кезде орта мектептердегі «Әбіштану» таңдау курсын оқытудағы ғылыми-әдістемелік қолдаудың жетімсіздігіне байланысты. Бұл педагогикалық құзыреттілікті жетілдіру мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтайды. Білім беру сапасы мен мазмұнын қамтамасыз ету оқытылатын пәннің мазмұндық негізін және қазіргі әдістемелік тәсілдердің мағынасын түсінуге негізделген мұғалімнің кәсіби қызметінің ғылыми және әдістемелік негізделген жүйесін құру жағдайында ғана мүмкін болады. Яғни, білім берудің заманауи сапасына қол жеткізу мұғалімдердің жоғары кәсіби құзыреттілігі жағдайында мүмкін болады.

Бағдарламада «Әбіштану» курсының заманауи нормативтік базасымен және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Осыған орай, бұл бағдарлама қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің пәндік-әдістемелік құзыреттіліктерінің сапасын арттыруға бағытталған.

«Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» бағдарламасы қазақ әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қолданылатын танымдық міндеттерді қолданумен қатар оқытудың теориялық, практикалық негіздері мен әдістемесі бөлігінде қазақ әдебиеті мұғалімінің пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

## 2. ГЛОССАРИЙ

| | |
|---|---|
| Action Research | оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында жүйелі, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі мониторинг жүргізуді көздейтін процесс |
| Кейс-технология | кейс түрінде ұсынылған кәсіби қызмет контекстіндегі нақты немесе имитацияланған проблемалық жағдайды талдау және шешу негізінде білім алушылардың білімін, іскерлігін, жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған оқытудың интерактивті технологиясы |
| Оқыту әдістері | оқыту мазмұнын меңгеру және білімді шығармашылықпен |

| | |
|---|---|
| | меңгеру бойынша алға қойылған оқу мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің және оқушының танымдық іс-әрекетінің түрлері т.б. |
| Оқытудың интерактивті әдісі | диалог немесе сөйлесу режимінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін қамтитын әдіс |
| Зерттеу дағдылары | мәселелерді көру, сұрақтар қою, гипотеза жасау, ұғымдарға анықтама беру, жіктеу, байқау, эксперименттер жүргізу, қорытынды жасау және материалды құрылымдау, мәтінмен жұмыс істеу, өз идеяларын дәлелдеу және қорғау дағдылары |
| Проактивтілік | мінез-құлықтың айқын ережелері мен үлгілері болмаған кездегі және адам өздігінен шешім қабылдауы, өзін-өзі нығайту мүмкіндіктерін кеңейту, тікелей өмірлік ортаны немесе макроқұрылымдарды өзгерту арқылы әрекет етуі керек болған белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ету мүмкіндігі. |
| Проблемалық оқыту | мұғалім беретін әдістемелік нұсқаулардың саны бағдарламаланғанға қарағанда азырақ, бірақ бұл нұсқаулар ғылыми мазмұны жағынан анағұрлым жалпыланған, маңыздырақ және кеңірек болатын оқыту әдісі |
| Stem-оқыту | Science (ғылым), Technology (техника), Engineering (инженерия) және Mathematics (математика) салаларын біріктіретін оқыту және дамыту тәсілі |
| Симуляторлар | виртуалды ортада нақты құбылыстар мен қасиеттердің бір бөлігін бейнелейтін, шындық туралы әсер тудыратын бағдарламалық және аппараттық құралдар. Имитациялық модельдерді зерттеу үшін компьютерлік эксперименттер жиі қолданылады |
| LessonStudy технологиясы | педагогикалық тәсіл, ол сабақта іс-әрекетті зерттеудің ерекше түрі болып табылады, оқыту тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге ықпал етеді. Әдіс 1870 жылдары Жапонияда құрылды, ол Батыста қолданылған Action Research әдісінен шамамен 70 жыл бұрын пайда болған |
| Эксперимент | Гипотезаны немесе теорияны қолдау, жоққа шығару немесе растау үшін орындалатын процедура |

## 3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МОДУЛЬДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» білім беру бағдарламасының ҚР Білім беру жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіруге, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда жүзеге асырылатын танымдық міндеттерді қолдануға бағытталған.

| **Компоненттер, бағдарлама модульдері** | **Бағдарлама модульдерінің компоненттерін, тақырыптарын сипаттау** |
|---|---|
| Диагностикалық тестілеу | 3, 4-модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша бастапқы деңгейін бағалау |
| Модуль 1. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері | 1.1. тақырып. Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері |
| Модуль 2. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері | 2.1. тақырып. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Біртұтас тәрбие – сапалы білімнің негізі |
| | 2.2. тақырып. Ә.Кекілбаев шығармаларының тәрбиелік мәні және жазушының ағартушылық идеялары |
| Модуль 3. «Әбіштану» курсының білім мазмұны мен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері | 3.1. тақырып. Ә.Кекілбаевтың поэзиялық және драмалық мұрасы |
| | 3.2. тақырып. Жазушы әңгімелерін оқытудың әдістемелік мәселелері |
| | 3.3. тақырып. Жазушы повестерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері |
| | 3.4. тақырып. Жазушы романдарындағы суреткерлік пен ойшылдық тағылымдары |
| | 3.5. Аудармалары, публицистикасы, тарихи-танымдық және әдеби-сын еңбектері |
| Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық | 4.1. тақырып. Сабақта интерактивті тапсырмаларды таңдауға және әзірлеуге арналған WEB қызметтері |
| | 4.2. Сабақта IT технологияларды қолдану |

| | |
|---|---|
| технологиялар мен ЖИ пайдалану | 4.3. Жасанды интеллект платформаларын қолдану ерекшеліктері |
| Модуль 5. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және дамыту, мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелерін көрсету | 5.1. тақырып. Педагогтің кәсіби қызметі және ізденіс-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру |
| | 5.2. тақырып. Қалыптастырушы бағалау – әдебиет пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің табыстылығының негізі |
| Қорытынды тестілеу | 3, 4 модульдерді оқыту нәтижелерін бағалау |

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

**Бағдарламаның мақсаты** – «Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері мен заманауи технологияларларды зерделеу арқылы педагогтердің пәндік-әдістемелік құзыреттіліктерінің сапасын арттыру

**Бағдарламаның міндеттері:**

1) Қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттардың негізгі ережелерін және қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздерін қарастыру;

2) Пәнді оқыту әдістерін, stem-оқыту, проблемалық, интегративтік, жобалық оқыту, кейс-технологиялар іспетті жаратылыстану-ғылыми білім берудің даму тенденцияларын пайдалана отырып, заманауи білім беру технологияларын меңгеру;

3) Қазіргі заманғы оқыту процесінде оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің оңтайлы ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын, ЖИ платформаларын қолдану бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру;

4) Өз кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдау және одан әрі кәсіби өсу бағыттарын анықтау.

**Күтілетін нәтижелер.**

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттардың негізгі ережелерін және қазіргі оқыту мен тәрбиенің теориялық негіздерін білу мен түсінуді көрсетеді;

2) «Әбіштану» курсының мазмұны мен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін меңгереді;

3) проблемалық және жобалық оқытуды, STEM және кейс-технологияларды қолдану тұрғысынан жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамытудың тенденцияларын пайдалана алады;

4) оқыту мен білім беру мүмкіндіктерін кеңейту үшін заманауи ақпараттық технологияларды, оқытудың әдістері мен формаларын қолданудың практикалық дағдыларын көрсету;

5) өздерінің кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдайды және оқушылардың ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді ағыттарын анықтайды.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарлама құрылымдық жағынан сәйкес келеді, өйткені оның негізгі құрамдас бөліктері арасындағы тығыз байланысты көрсетеді, атап айтқанда: күтілетін нәтижелер мақсаттармен, міндеттермен, мазмұнмен, оқыту және

бағалау процестерімен байланысты.

**Бағдарлама жоспары** (80 сағат)

| № | Сабақтың тақырыбы | Күндізгі/қашықтықтан оқыту | | | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Семинар | Практикалық сабақ | КТС | Жоба қорғау | Тестілеу | |
| **Модуль 1. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері (2 с.)** | | | | | | | |
| 1.1 | Білім беру ұйымдарында білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби дамуы | 2 | | | | | 2 |
| **Модуль 2. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері (4 с.)** | | | | | | | |
| 2.1 | «Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері. Біртұтас тәрбие – сапалы білім негізі | 2 | | | | | 2 |
| 2.2 | Қоғамдық сана және Әбіш Кекілбаевтың әдеби мұрасы | | 2 | | | | 2 |
| **Модуль 3. «Әбіштану» курсының білім мазмұны мен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері** | | | | | | | |
| **3.1** | **Поэзиясы мен драмасы** | **6** | **4** | | | | **10** |
| 3.1.1 | Ә.Кекілбаев поэзиясының тақырыптық-идеялық бағдары мен көркемдік сипаттары | 2 | | | | | 2 |
| 3.1.2 | Ақын лирикасындағы азаматтық үн мен гуманистік идеялар | | 2 | | | | 2 |
| 3.1.3 | Көркемдік дәстүр, ақындық тұлға және лирикалық кейіпкер | 2 | | | | | 2 |
| 3.1.4 | Ақын балладалары мен шағын поэмаларындағы мазмұндық-идеялық өрнектер | | 2 | | | | 2 |
| 3.1.5 | «Абылай хан» тарихи драмалық дастаны: тарихи тұлға – көркем бейне – қоғамдық сана | 2 | | | | | 2 |
| **3.2** | **Әңгімелері** | **4** | **4** | **2** | | | **10** |
| 3.2.1 | Әңгіме өзегіндегі адам концепциясы: сана, ерік-жігер, мораль | 2 | | | | | 2 |
| 3.2.2 | Әңгімелердегі адамгершілік категориялар мен тарихи сана | 2 | | 2 | | | 4 |
| 3.2.3 | Жазушы әңгімелерінің стильдік ерекшеліктері | | 2 | | | | 2 |
| 3.2.4 | Бейкүнә бейнелер мен пайымдық астарлар | | 2 | | | | 2 |
| **3.3** | **Повестері** | **6** | **6** | | **2** | | **14** |
| 3.3.1 | Авторлық стиль мен тілдік-эстетикалық бейнелеу жүйесі | 2 | | | | | 2 |
| 3.3.2 | Көркемдік-философиялық таным және рухани жаңғыру көрінісі | 2 | 2 | | | | 4 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.3.3 | Жазушы повестеріндегі адам, қоғам және уақыт арақатынасы | | 2 | | | | 2 |
| 3.3.4 | Көркемдік формалар эволюциясы: дәстүрлі стильден жаңашылдыққа | 2 | 2 | | 2 | | 6 |
| **3.4** | **Романдары** | **6** | **6** | **2** | | | **14** |
| 3.4.1 | Қазақ тарихи романы және Ә.Кекілбаев романдары | | 2 | | | | 2 |
| 3.4.2 | Ә.Кекілбаев романдарындағы кейіпкерлер жүйесі | 2 | 2 | | | | 4 |
| 3.4.3 | Жазушы романдары құрылымындағы көркемдік ізденістер | 2 | | 2 | | | 4 |
| 3.4.4 | «Аңыздың ақыры» романы: мораль философиясы және мифтің күйреуі | | 2 | | | | 2 |
| 3.4.5 | Шешендік дәстүр және даралық стиль | 2 | | | | | 2 |
| **3.5** | **Аудармалары, публицистикасы, танымдық және әдеби сын еңбектері** | **6** | **4** | | **2** | | **12** |
| 3.5.1 | Аудармалары | 2 | | | | | 2 |
| 3.5.2 | Публицистикасы | 2 | | | | | 2 |
| 3.5.3 | Тарихи-танымдық еңбектері | | 2 | | 2 | | 4 |
| 3.5.4 | Әдеби-сын еңбектері | 2 | 2 | | | | 4 |
| **Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологиялар мен ЖИ пайдалану (6 с.)** | | | | | | | |
| 4.1 | Сабақта интерактивті тапсырмаларды таңдауға және әзірлеуге арналған WEB қызметтері | | 2 | | | | 2 |
| 4.2 | Сабақта IT технологияларды қолдану | 2 | | | | | 2 |
| 4.3 | Жасанды интеллект платформаларын қолдану ерекшеліктері | | | 2 | | | 2 |
| **Модуль 5. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және дамыту, мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелерін көрсету (4 с.)** | | | | | | | |
| 5.1 | Педагогтің кәсіби қызметі және ізденіс-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру | 2 | | | | | 2 |
| 5.2 | Қалыптастырушы бағалау – әдебиет пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің табыстылығының негізі | | 2 | | | | 2 |
| Онлайн кеңес беру | | | | | | | 2 |
| Қорытынды жұмысты қорғау | | | | | | | 2 |
| | **Барлығы** | | | | | | **80** |

Модуль 1 «Оқу процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері»

Нормативтік құқықтық модуль тақырыптары педагог қызметкерлердің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілерімен, педагогтердің қызметіне қойылатын заманауи талаптарымен таныстырады.

Модуль 2 «Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері»

Бұл модуль «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі бағыттарын,

тәрбиенің ұлттық құндылықтарын зерделеуді қамтиды; сабақтың тәрбиелік әлеуетін күшейтуге және тәрбиенің интерактивті әдістері мен тәсілдерін қолдануға баса назар аударылады. Ә.Кекілбаев шығармаларының қоғамды тәрбиелеудегі орнын бағамдайды.

Модуль 3 «Әбіштану» курсының білім мазмұны мен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері

Модуль курстың негізгі тақырыбын, теориялық және әдіснамалық негіздерін, зерттелетін материалдың практикалық маңыздылығы мен жаңалығын ашады. Білім мазмұнындағы Ә.Кекілбаевтың поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары мен тарихи-танымдық, әдеби-сын еңбектерін, аудармаларын жанрлар бойынша қарастырып, оларды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерделейді.

Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологиялар мен ЖИ пайдалану

Педагогтің кәсіби қызметінің маңызды аспектісі IT-технологиялар мен цифрлық ресурстарды (қашықтықтан оқытудың интернет-платформалары, бағдарламалар, қосымшалар, цифрлық білім беру ресурстары т.б.) мен ЖИ пайдалану бойынша практикалық дағдыларды дамыту болып табылады. «Әбіштану» курсын оқытудағы білім беру процесін цифрландыру пәнді терең түсінуге және білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Тұрақты кәсіби өсу мен дамуды қалайтын мұғалімдер заманауи білім беру ортасының жаңа қырларының талаптарына тиімді бейімделе алады. Білімді үнемі жаңарту, жаңа әдістемелерді игеру және цифрлық технологияларды интеграциялау мұғалімдерге өз кәсібінде тиімдірек және табысты болуға, ал мектептерде оқыту – оқушылар үшін сапалы әрі қызықты болуға мүмкіндік береді.

Модуль 5. Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және дамыту, мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелерін көрсету

Педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру мұғалімнің рефлексиясына да байланысты. Іс-әрекеттің субъектісі ретінде оның іс-әрекетін үнемі бағалау оған болып жатқан оқиғаларға сәйкес өзінің кәсіби мінез-құлқын оңтайлы құруға және педагогикалық шеберлікті үнемі арттыруға мүмкіндік береді.

Модуль мұғалімнің оқушыларды зерттеушілік, ғылыми ізденіс баулу жұмыстарына бағыт береді. Әбіштанудың әлі де ашылмаған қырларын, проблемаларын анықтап, мәселелер мен тақырыптарды талқылайды.

## 6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біліктілікті арттыру курстары курстың жоспарларына сәйкес күндізгі оқыту режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 80 академиялық сағат. Курстан кейінгі қолдау – 28 сағат қашықтықтан режимінде.

Оқу процесін ұйымдастыру педагогтің біліктілігін арттырудың белсенділік сипатын қамтамасыз ететін оқытудың интерактивті әдістерін қамтиды: семинарлар, вебинарлар, практикалық сабақтар (оқытудың әртүрлі тәжірибеге бағытталған әдістерімен интерактивті), практикалық жұмыс (ТОӨЖ, ТӨЖ), көшпелі практикалық сабақтар, кейстерді шешу (НҚА), демо-сабақты таныстыру, жобаны қорғау және т. б.;

Ересек аудиторияның жас ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларға оқу барысында логикалық қорытынды жасауға, мазмұнын өз тәжірибесіне бейімдеуге және алған дағдыларын аудиториялық практикалық сабақтарда және сабақтан тыс өзіндік жұмыстарда сынауға мүмкіндік беріледі.

Күндізгі және онлайн режимдерде оқу процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында диагностикалық және қорытынды тестілеу, демо-сабақтың презентациясы, ТОӨЖ жүргізіледі.

## 7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**1 модуль «Оқу процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері»**

**Модульдің міндеті:**

1) Білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттар шеңберінде педагогтің кәсіби жұмысының мәнін айқындау.
2) Педагогтердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қарастыру, педагогтердің қызметіне қойылатын заманауи талаптарды зерделеу.
3) Кәсіби педагогикалық этика және эмоционалды интеллект дағдыларын жетілдіру.

**Күтілетін нәтиже:**

Модуль бойынша курсты аяқтау кезінде тыңдаушылар:

1) жұмыстың сапасын арттыруға қажетті мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі аспектілерін талдайды;
2) педагогтердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, педагогтің қызметіне қойылатын заманауи талаптарды зерттейді;
3) кәсіби педагогикалық этика мен эмоционалдық интеллект негіздері туралы білімдерін көрсетеді.

**Модуль 2 «Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері»**

**Модульдің міндеті:**

1) “Біртұтас тәрбие бағдарламасының” негізгі бағыттары, тәрбиенің

ұлттық құндылықтары туралы тыңдаушылардың білімдерін өзектендіру;

2) Тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз ететін тәрбиенің белсенді әдістері мен формаларын таңдауды дәлелдеу.

3) Ә.Кекілбаев шығармашылығының қоғамдық сананың жаңғыруы жағдайындағы тәрбиелік маңызын таныту.

4) Сабақ процесінде адамгершілік, имандылық тәрбие беру дағдыларын дамыту.

**Күтілетін нәтиже:**

1) еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастыру тетіктерін меңгерген, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды айқындайды;

2) сабақтың тәрбиелік әлеуетін арттыру алгоритмін іске асырады;

3) тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз ететін тәрбиенің белсенді әдістері мен формаларын қолданады;

4) педагог практикасына қажетті таңдалған материалдар негізінде білім берудегі нейроғылым зерттеулерінің нәтижелерін білу мен түсінуді көрсетеді.

**<u>Модуль 3. «Әбіштану» курсының білім мазмұны мен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері</u>**

**Модульдің міндеті:**

1) «Әбіштану» курсының оқу-тақырыптық жоспарын түзу арқылы пәннің білім мазмұның айқындау;

2) Тақырыптар бойынша контекст негізінде сараланған, шығармашылық тапсырмалар мен оларды әзірлеу және шешу дағдыларын пысықтау;

3) Белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, заманауи талаптарға сәйкес сабақ жоспарын құру дағдыларын жетілдіру;

4) Мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқаларын, көркем шығарманы талдаудың, практикалық жұмыстарды жүргізудің тиімді тәсілдерін таңдау.

**Күтілетін нәтиже:**

Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) «Әбіштану» курсы бойынша кез келген тақырыпты оқытудың ғылыми негіздемелерін, әдістемелік құралдарын еркін таңдай алады;

2) сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін контекст негізінде сараланған, шығармашылық тапсырмаларды әзірлейді және шешеді;

3) оқыту мүмкіндіктерін кеңейту үшін заманауи ақпараттық технологияларды, оқыту әдістері мен тәсілдерін қолданудың практикалық дағдыларын көрсетеді;

4) оқу сабақтарын жоспарлайды, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып әдістерді таңдайды;

**<u>Модуль 4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын</u>**

**және білім беру сапасын арттыру үшін цифрлық технологиялар мен ЖИ пайдалану (6 с.)**

**Модуль міндеті:**

5) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын күрделі тақырыптар бойынша контекст негізінде сараланған, шығармашылық тапсырмалар мен оларды әзірлеу және шешу дағдыларын пысықтау;

6) Әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша заманауи білім беру технологияларын зерделеу, STEM-оқыту, проблемалық, интегративті, жобалық оқыту, кейс- технологиялар тәрізді ғылыми білім берудің даму тенденцияларын қарастыру;

7) Белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, заманауи талаптарға сәйкес сабақ жоспарын құру дағдыларын жетілдіру;

8) Сабақта цифрлық технологиялар мен ЖИ платформаларын пайдалануды меңгерту, мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқаларын таңдау.

**Күтілетін нәтиже:**

Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін контекст негізінде сараланған, шығармашылық тапсырмаларды әзірлейді және шешеді;

2) оқыту мүмкіндіктерін кеңейту үшін заманауи ақпараттық технологияларды, оқыту әдістері мен тәсілдерін қолданудың практикалық дағдыларын көрсетеді;

3) оқу сабақтарын жоспарлайды, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып әдістерді таңдайды;

4) Сабақта цифрлық технологиялар мен ЖИ платформаларын пайдалануды меңгереді, мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқаларын таңдай алады.

**Модуль 5. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және дамыту, мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелерін көрсету (4 с.)**

**Модуль міндеті:**

1) Тыңдаушылардың өз кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдау және бағалау дағдыларын жетілдіру және одан әрі кәсіби өсу бағыттарын айқындау.

2) Тәжірибеде туындайтын мәселелерді/қиындықтарды шешу үшін оқу зерттеулерін жоспарлау және жүргізу.

3) Оқушыларды зерттеушілік, ғылыми ізденіске баулудың жолдарын үйрету. Ғылыми жобалар дайындауға, жоба тақырыптарын таңдауға дағды қалыптастыру. Әбіштанудағы проблемаларды анықтап, мәселелер мен тақырыптарды талқылау.

**Күтілетін нәтиже:**

1) кәсіби қызметіндегі мәселелер мен қиындықтарды анықтап, және оқу зерттеулері арқылы қиындықты шешу үшін жобалайды, одан әрі кәсіби өсу бағыттары анықталады;

2) өз кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдайды және одан әрі кәсіби өсу бағыттарын айқындайды;

3) Оқушыларды зерттеушілік, ғылыми ізденіске баулудың жолдарын үйренеді. Ғылыми жобалар дайындауға, жоба тақырыптарын таңдауға дағдыланады. Әбіштанудағы проблемаларды анықтап, мәселелер мен тақырыптарды талқылауға қол жеткізеді.

| Модуль тақырыбы | Оқу сабағының түрі, оқыту әдістері және сағат саны | Негізгі мазмұны | Нәтижелері (бағаланатын дағдылар) |
|---|---|---|---|
| Тақырып 1.1 Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері (2 сағ.) | Вебинар: “Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері” (2 сағ.) | Білім беру ұйымдарында білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби дамуы. “Педагог” кәсіби стандарты: педагог қызметінің негізі ретіндегі құзыреттер. Педагогикалық этика. Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың нормативтік құқықтық негіздері | Біледі:<br>- жұмыс сапасын арттыру үшін қажетті пән мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі аспектілерін талдау;<br>- Мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттардың негізгі басымдықтарын бөліп көрсете алады;<br>- Педагогикалық қызметті адамгершілік-этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес ұйымдастыра алады. |
| Тақырып 2.1 Біртұтас тәрбие – сапалы білім берудің негізі (2 сағ.) | Вебинар: “Біртұтас тәрбие – сапалы білім берудің негізі” (2 сағ.) | “Білім берудің біртұтас бағдарламасы”. Тәрбиенің құндылықтары: ұлттық қызығушылық, ар-ождан, ұмтылыс. Пәндердің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары | - еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастыру тетіктерін меңгерген, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды айқындайды;<br>- тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз ететін тәрбиенің белсенді әдістері мен тәсілдерін қолдана алады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, мәдени әртүрлілікке ашықтықты көрсете алады. |
| Тақырып 2.2 | ТООЖ: «Қоғамдық сана және Ә.Кекілбаевтың әдеби мұрасы» (2 сағ.) | Көркем әдебиеттің қоғамды тәрбиелеудегі орны. Ойшылдар қоғамдық сананы | - қоғам дамуындағы қоғамдық сананың орны, жеке ойшылдың қоғамдық ой қалыптастырудағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жаңғырту мен құндылықтар қалыптастырудағы тұлғалардың ролі туралы. | ролі туралы пайымдайды. |
| Тақырып 3.1.1 Ә.Кекілбаев поэзиясының тақырыптық-идеялық бағдары мен көркемдік сипаты | Семинар (2 сағ.) | Ақын поэзиясының тақырыбы мен идеялық-көркемдік ерекшеліктері | - Өлең табиғатын түсінеді, ақынның шығармалары арқылы берілетін концептуалдық идеяларды пайымдап, теориялық негізде талдай алады; - поэзиялық шығармалардың тақырыптық, көркемдік-идеялық ерекшеліктерін зерделеп, оқушыларға түсіндіре алады. |
| Тақырып 3.1.2 Ақын лирикасындағы азаматтық үн мен гуманистік идеялар | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Поэзиядағы азаматтық үн мен гуманистік идеялар | |
| Тақырып 3.1.3 Көркемдік дәстүр, ақындық тұлға және лирикалық кейіпкер | Семинар (2 сағ.) | Автор мен лирикалық кейіпкер көркемдік дәстүр арнасында | |
| Тақырып 3.1.4 Ақын балладалары мен поэмаларындағы мазмұндық-идеялық өрнектер | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Балладалары мен шағын поэмаларының тақырыптық-көркемдік ерекшеліктері | |
| Тақырып 3.1.5 «Абылай хан» тарихи-драмалық дастаны: тарихи тұлға – көркем бейне қоғамдық сана | Семинар (2 сағ.) | «Абылай хан» драмасының ерекшеліктері мен маңызы | |
| Тақырып 3.2.1 Әңгіме өзегіндегі адам концепциясы: сана, ерік-жігер, мораль | Семинар (2 сағ.) | Жазушы әңгімелеріндегі кейіпкерлердің тұлғалық бейнесі | - жазушы әңгімелерін тақырыптық жағынан сараптап, мазмұндық-идеялық ерекшеліктерін жүйелейді; - әңгімелердің көркемдік деңгейін, оьбраздар таиғатын, характерлер жүйесін талдайды. |
| Тақырып 3.2.2 Әңгімелердегі адамгершілік категориялар мен тарихи сана | Семинар (2 сағ.) Практикалық сабақ (2 сағ.) | Әңгімелердегі адамгершілік қасиеттер мен қоғамдық сана | |
| Тақырып 3.2.3 Жазушы әңгімелеріндегі стильдік ерекшеліктер | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Әңгімелердің стильдік ерекшеліктері | |
| Тақырып 3.2.4 Бейкүнә бейнелер мен пайымдық астарлар | Семинар (2 сағ.) Практикалық сабақ (2 сағ.) | Қарапайым бейнелер мен астарлы ойлар | |
| Тақырып 3.3.1 Авторлық стиль мен тілдік-эстетикалық бейнелеу жүйесі | Семинар (2 сағ.) | Повестердегі авторлық стиль мен эстетикалық бейнелеу жүйесі | - жазушы повестеріндегі көтерілетін мәселлерді, айқын және астарлы ойларды пайымдайды; - қоғам, тарих, |
| Тақырып 3.3.2 Көркемдік-философиялық таным және рухани жаңғыру көрінісі | Семинар (2 сағ.) | Повестердегі көркемдік-философиялық талдаулар | |
| Тақырып 3.3.3 Жазушы | Практикалық | Повестердегі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| повестеріндегі адам, қоғам және уақыт арақатынасы | сабақ (2 сағ.) | адам, қоғам және уақыт арақатынасы | заман және адам проблемалырын уақыт пен кеңістік тік ракурста пайымдап, танымдық және көркемдік тұрғыдан бағалайды. |
| Тақырып 3.3.4 Көркемдік формалар эволюциясы: дәстүрлі стильден жаңашылдыққа | Семинар (2 сағ.) | Жазушының көркем прозадағы жаңашылдық қырлары | |
| Тақырып 3.4.1 Қазақ тарихи романы және Ә.Кекілбаев романдары | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Қазақ тарихи романдарының ішіндегі Ә.Кекілбаев романдарының орны | - жазушы романдарындағы тарих, билік пен адамгершілік мәселелерін тарихи масштабта зерделейді;<br>- аңыз бен мифтің көркем шығармадағы мақсатты қолданыстарын түсіндіре алады. |
| Тақырып 3.4.2 Ә.Кекілбаев романдарындағы кейіпкерлер жүйесі | Семинар (2 сағ.) Практикалық сабақ (2 сағ.) | Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарындағы кейіпкерлер жүйесі | |
| Тақырып 3.4.3 «Аңыздың ақыры» романы: мораль философиясы және мифтің күйреуі | Семинар (2 сағ.) | «Аңыздың ақыры» романындағы мифтің күйреуі | |
| Тақырып 3.4.4 Шешендік дәстүр және даралық стиль | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Шешендік дәстүрдің жазушының даралық стиліндегі орны | |
| Тақырып 3.5.1 Аудармалары | Семинар (2 сағ.) | Жазушының көркем аудармалары | - жазушының аудармалары, публицистикасы мен танымдлық еңбектерінің тақырыптық ерекшеліктерін, қоғамдық маңызын зерделейді. |
| Тақырып 3.5.2 Публицистикасы | Семинар (2 сағ.) | Публицистикалық шығармалары | |
| Тақырып 3.5.3 Тарихи-танымдық еңбектері | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Тарихи-танымдық еңбектері | |
| Тақырып 3.5.4 Әдеби-сын еңбектері | Семинар (2 сағ.) Практикалық сабақ (2 сағ.) | Әдеби-сын еңбектері | |
| Тақырып 4.1 Сабақта интерактивті тапсырмаларды таңдауға және әзірлеуге арналған WEB қызметтері | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Сабақта оқытудың жаңа ақпарыттық технологияларын қолдану | - оқытудың заманауи ақпараттық, цифрлық технологияларын тиімді пайдалануды үйренеді;<br>- ЖИ платформалары |
| Тақырып 4.2 Сабақта IT технологияларды қолдану | Практикалық сабақ (2 сағ.) | Сабақта IT технологияларды қолдану | |
| Тақырып 4.3 ЖИ платформаларын қолдану | Практикалық сабақ | ЖИ платформаларын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ерекшеліктері | (2 сағ.) | қолдану ерекшеліктері | н оқыту процесіне тиімді қолданады |
| Тақырып 5.1 Педагогтің кәсіби қызметі және ізденіс-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру | Семинар: “Педагогикалық рефлексия” (2 сағ.) | Педагогикалық рефлексия кәсіби қызмет түрі ретінде | Педагогикалық рефлексияның ерекшеліктерін кәсіби қызмет түрі ретінде сипаттайды; Кәсіби қызметтегі проблемалар мен қиындықтарды анықтайды. |
| Тақырып 5.2 Қалыптастырушы бағалау – әдебиет пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің табыстылығының негізі | Семинар (2 сағ.) | Қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалаудың әдістері мен формалары | Қалыптастырушы бағалау компоненттері, әдістер мен формалары туралы білімдерін көрсетеді |

**Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ішінде:**

- ОӘК-де қарастырылған сабақтардың қысқаша жоспарлары мен толық сценарийлері, бағалау бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар

бар. Сабақ сценарийлерінде шағын дәрістердің тезистері, сабақтың әр кезеңінде тыңдаушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары мен тәсілдерінің сипаттамасы, тапсырмалар, оның ішінде критерийлер мен дескрипторлармен формативті бағалауға арналған тапсырмалар, оқу мәтіндері, тапсырмалар және т. б. ұсынылды.

- Бағдарламаның мазмұнын толықтыратын құрылымдық материалдардың жинағы немесе инфотекасы болып табылатын тыңдаушының портфолиосы. Портфельде Бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне жауап беретін нормативтік құқықтық актілерге, практикалық ресурстарға, оқу-әдістемелік құралдарға, мақалаларға сілтемелер берілген.
- Әр сабаққа арналған Power Point презентациялары бар.

## 8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – қалыптастырушы бағалау арқылы да, курсты аяқтағаннан кейін де оның мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде жүзеге асырылады. Тапсырмалар, орындау бойынша ұсыныстар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған стандарттар, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті

арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі.

Мұғалім тыңдаушылардың кестеге сәйкес тапсырмаларды орындауын бақылайды, жақсартудың орындары мен тәсілдерін көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспарлар құру, оқушыға

күрделі тақырыпты түсіндіру кезінде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, өз бетінше таңдау, тапсырмалар, жаттығулар, шағын мәтіндер, оқушыларға арналған тесттер зерттелетін тақырып аясында.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқылатын әрбір тақырыпқа 15-20 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді.

Тыңдаушы 24 тест тапсырмасынан, әр тақырып бойынша 3-4 тапсырмадан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ түрде жүзеге асырылады.

Ұпайларды бағаға түрлендіру шкаласы

| Бағасы | Орындалуы % | Балы |
|---|---|---|
| 5 | 90%-100% | 21-24 |
| 4 | 75-89% | 18-20 |
| 3 | 50-74% | 12-17 |
| 2 | 50% дан төмен | 12 ден төмен |

**Тыңдаушыларды бағалау шкаласы**

| **Бағалау түрі** | **Бағалау компоненттері** | **%** | **Баға** | **Қорыты** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | | нды баға (%) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қатысуы** | | - | 10 | 10 | 10 |
| **Қалыптастырушы бағалау** | **Тыңдаушы әрекеті (20)** | Сабақтың түрлі кезеңдеріндегі белсенділік. Топтағы басқа тыңдаушылармен өзара білім алмасу | 5 | 5 | 40 |
| | | Сабақтың түрлі кезеңдеріндегі белсенділік. Топтағы басқа тыңдаушылармен өзара білім алмасу | 5 | 5 | |
| | | Жауаптылық | 5 | 5 | |
| | | Жаңа идеяларды, шешемдерді ұсыну | 5 | 5 | |
| | **Практикалық жұмыс (20)** | Жеке/жұптық/топ тық жұмысы (ТӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындау) | 10 | 10 | |
| | | Кейс талдау/ жағдаяттық есептерді шешу/ сабақ фрагментін құрастыру/ эссе | 10 | 10 | |
| | | Қорытынды жұмыс (жоба, демонстрациялық сабақ, мектепті дамыту бағдарламасы т.б.) | 10 | 9-10<br>7-8<br>5-6 | |
| | | Қорытынды тест | 40 | 21-24 | |

## 9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Біліктілігін арттырудан өткен педагогтер алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде кемінде 28 академиялық сағат көлемінде педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау жүзеге асырылады.

«Курстан кейінгі қолдау» бөлімінде Бағдарламаның «Әбіштану» курсын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырудың формалары мен әдістері сипатталған.

Жоспарланған іс-шаралар тыңдаушылардың дайындық деңгейіне сәйкес келеді. Курста білім алған мұғалімдердің қызметін курстан кейінгі қолдау курстан кейінгі қолдаудың 4 кезеңін орындайды:

I кезең – диагностикалық, біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушыға сауалнама жүргізіледі.

II кезең – ББ талаптары негізінде мұғалімнің жеке ККҚ (кустан кейінгі қолдау) жоспарын құрастыру, әзірлеу (1-қосымша. Жеке ККҚ жоспарының ұсынылатын формасы)

III кезең – ККҚ жоспарын іске асыру, кеңес беру, әдістемелік көмек жүргізіледі. Мұғалім өз жетістіктерін анықтау үшін өзін-өзі бағалауды жүргізеді, оның ішінде аналитикалық есептерді және бақылау парақтарын пайдаланады (3-7 қосымшалар).

IV кезең рефлексиялық және аналитикалық болып табылады. ККҚ

қорытындысы бойынша оқытушы рефлексиялық есеп береді (8-қосымша). ККҚ аяқталғаннан кейін қорытынды іс-шара курсының оқытушысы конференция, форум, семинар, дөңгелек үстел түрінде өткізеді, онда педагог ББ мазмұнын іске асыру дәрежесін көрсетеді.

Курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі. Осы тізімнен тыңдаушылар жеке жоспары үшін оқиғаларды таңдайды. Педагогтарды курстан кейінгі қолдау шеңберіндегі іс-шаралар біліктілікті арттыру курстарында оқуды аяқтағаннан кейін бір оқу жылына белгіленеді.

Курстан кейінгі қолдау шеңберінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету формалары мен әдістері.

| № | Атауы | Аяқтау формасы |
|---|---|---|
| 1 | Курстан кейінгі тәжірибеде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің жеке даму траекториясының жоспарын құру | Курстан кейінгі тәжірибеде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың жеке траекториясын жоспарлау |
| 2 | Курс тақырыбы бойынша Action research/Lesson Study бағдарламасын жүзеге асыруда әдістемелік қамтамасыз ету | Ғылыми жобаның рефлексия парағы |
| 3 | Курс тақырыбы бойынша Action Research/Lesson Study негізіндегі жарияланымдарға немесе басқа ғылыми- әдістемелік басылымдарға беру | Басылымдар |
| 5 | Курс тақырыптары бойынша Action research/Lesson Study нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру | Дөңгелек үстел |
| 6 | Мұғалімдердің бастамасымен вебинарлар, пікірталас алаңдары, шеберлік сыныптары, семинарлар өткізуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету | Өтілетін іс шаралар |
| 7 | Жеке кеңес өткізу | Кеңес беру |
| 8 | Пәнге байланысты ашық сабақтарға, сондай-ақ ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу | Бақылау парағы |

## 10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### І. Негізгі әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі негізінде орта білім мазмұнын жаңарту. Құралдар жинағы. – Астана: Ұлттық білім академиясы. - 2021. –56 б.

2. Борзенко В. И., Обухов А. С. Насильно мил не будешь. Подходы к проблеме мотивации в школе и учебно-исследовательской деятельности. Развитие исследовательской деятельности учащихся. –М.: Народное образование, 2019. – 80-88 с.

3. Ивочкина т., Ливерц И. Организация научно-исследовательской работы учащихся. – М.: Народное просвещение № 3. – 2018.

4. Максимова В. Н. Межпредметные связи в учебном процессе. – М.: Просвещение, 2019.

5. Нуржанова С. Жалпы және балалар психологиясы – Алматы, 2019.

6. Қабылов Ә., Қамарова Н., Жайлауов Б. Әбіштану. Оқу құралы. Алматы: Қазақ кітабы, 2025.

7. Қабылов Ә., Сөйлемез О., Қамарова Н., Шоқай М. Әбіш кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде. Монография. Алматы: Қазақ кітабы, 2025.

8. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. I том. Шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2018. – 800 б.

9. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. II том. Өмірі мен ортасы. – Алматы: Арыс, 2020. – 768 б.

10. Жүсіп Қ. Шың мен шыңырау. Әбіш Кекілбайұлының прозасы хақында. Әдеби сын-зерттеу. – Алматы: Арыс, 2000. – 134 б.

11. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев – суреткер. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002. – 260 б.

12. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев және замана шындығы. Монография. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 448 б.

**II. Қосымша әдебиеттер:**

1. Бірыңғай білім беру бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Білім министрлігі. – Астана, 2023. – 52 бет.

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.01.2022 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен). URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747 (04.05.2022).

3. Біртұтас білім беру бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Білім министрлігі. – Астана, 2023 ж.

4. «Білімді ұлт» сапалы білім» ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы Қаулысы № 726. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726. (Берілген күні: 04.05.2022).

5. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – адал азамат» ұлттық құрылтайының отырысында сөйлеген сөзі. (17.06.2023).

6. Кекілбайұлы Ә. Дәурен кешкен. Өлеңдер мен балладалар. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазғандар: Ә.Қабылов, Б.Жайлауов. – Алматы: Мазмұндама, 2024. – 220 б.

7. Кекілбайұлы Ә. Дүние ғапыл. Өлеңдер мен драма. – Алматы: Арыс, 1999. 304 б.

8. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999.

9. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының көптомдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2019.
10. Кекілбайұлы Ә. Жиырма томдық шығарнмалар жинағы. – Алматы: Мереке, 2019.
11. Кекілбайұлы Ә. Сыр десте. Көсемсөздер. 5 томдық. – Алматы: Нұрлы әлем, 2099.
12. Абдрахманов С. Абыз Әбіш. Әбіш Кекілбаевтың ойшылдығы туралы толғаныстар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 560 б.
13. Спан Ә. Заңғар. Роман-эссе. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 304 б.
14. Қабылов Ә. Кәусар. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы күлкі құбылыстары. Монография. – Алматы, 2013. – 237 б.
15. Садуақасұлы Л. Талант тағылымы. – Алматы: Үш қиян, 2024. – 148 б.